Қазіргі қалыптасқан жағдайда магистрлік оқу бағдарламаларының бакалаврлік оқу бағдарламаларынан айырмасы шамалы. Магистранттың оқу бағдарламасы бакалаврлық дәрежедегі білімді қайталамауы тиіс. Магистрант пен докторанттың ғылыми жұмысы және білімі, тек, диссертация шеңберінде ғана бағалануы дұрыс емес. Бұндай біржакты бағалау ізденушінің ғылыми жұмыс аясы шеңберін тарылтады. Жас ізденуші диссертация бойынша ғана теориялық ғылыми ізденіс жасаумен шектеледі. Біздің ойымызша керісінше, магистранттың ғылыми ізденісінің шеңберін кеңейту қажет. Стандарт бойынша бекітілген тәжірибеле бөлінген академиялық сағат саны жеткіліксіз. Сондықтын да, тәжірибелік, ғылыми шығармашылық, өзіндік жұмыс сағат санын арттыруды қажет етеді. Педагогикалық қызметпен айналысып жүрген ғылыми педагогикалық бағыттағы магистранттарға немесе педагогикалық еңбек өтілімі бар білімгерлерге жұмыс орнынан анықтама өткізу арқылы, қажетсіз қайталанатын педагогикалық практика сағатын өзге тәжірибе түрімен ауыстыруға құқық берген жөн. Стандарттағы педагогикалық тәжірибелік сағат саны орнына, өзіне қажетті шетелдік немесе ғылыми зерттеу практикасымен айналысуға таңдау құқығы берілуі қажет.

Магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұнына теориялық оқыту, базалық және кәсіптік пәндер циклдерін оқыту кіреді. Базалық, кәсіптік, таңдау пәндерін теориялық оқыту үшін, университеттерде арнайы үш тілде оқулықтармен қамтамасыз етуді университет басшылығына заңмен міндеттеу қажет. Үш тұғырлы тіл саясаты қазіргі Елбасының отандастарымыздың жас ізденушілердің алдына қойып отырған міндеті екенін университет басшылығы ескерсе екен. Бір өкінішті жайт, бүтінгі заман талабына сай келетін бір де бір отандық құқықтық мамандықтары бойынша білім алушы магистранттарға, докторанттарға арналған үш тілде жазылған

арнайы оқу құралдары, оқулықтар, әдістемелік оқу құралдыры және т.б. отандық университеттер кітапханасында жоқтың қасы.

Магистрлердің кәсіби тәжірибесінің (педагогикалық немесе зерттеу тағлымдамасы); сағат санын арттыру қажет. Қазіргі ЖОО-да өндіріспен байланысы жоқ қөптеген мамандықтардың бары даусыз. Сондықтан да, жоғары оқу орындары басшылары әр мамандықтың тікелей өндіріспен байланысын оңтайлы қалыптастыруы қажет. Тікелей өндіріспен немесе ғылыми зерттеу жобаларымен байланысы жоқ мамандықтардағы магистратура мен докторантурасы мемлекеттен бөлінген қаржыны ел қазынасына қайтару жолын да Қазақстан Республикасының білім туралы заңымен айқындалап кеткен жән. Себебі берілген жоғары білімнен кейінгі білім тек теориялық бір жақты болып келеді де, нәтижесінде тулектер өндіріс орнында қалай жұмыс жасау керектігін білмей шығады. Теориялық білім мен тәжірибе үштаспаған салада жоғары білімнен кейінгі білім мен ғылымның сапасы артпасы айдан анық. Мұндай мамандар жұмыс берушілердің де сұранысына ие болуы екіталай. Алайда, аталған мәселені Қазақстан Республикасының лицензия беру туралы заңына тиісінше толықтыру енгізу арқылы жетілдіруге болады. Сонымен қатар түйінді мәселені шешу біріншіден, жоғары білімнен кейігі білім беру мекемелеріне теориялық білім беру сафаты мен тәжірибелік сағат санын теңестіруді заңмен яғни мемлекеттік стандартпен бекітуді қажет етеді. Екіншіден, жоғары білімнен кейігі білім беру мекемелеріне теориялық білім беру мен тәжірибелік ғылыми зерттеу орталықтарының болуын міндеттеу немесе лабаратория, полигон ошақтары және өндіріс орындармен тығыз байланысын анықтайтын құжаттары болған жағдайда ғана лицензия беру тәртібін енгізу қажет.

Елбасының үкімет пен білім және ғылым министрлігінің алдына қойған міндеттінің ең бастысы - сапалы білім беру және дипломдарымызды әлемнің мойындауы еді. Жоғары білім беруден кейінгі білім саласына да дәл осындай талап қойылған болатын. Әр салада да, Елбасы айтқандай, ел үмітін ақтайтын білімді де білкті басшы қажет. Әр түрлі деңгейдегі басшы, менеджер кәсіби жан-жақты жетілген кәсіби маман болу керек. Ал ол мамандар университет қабырғасында, магистратура мен докторантурасы өз білімі мен біліктіліктерін шындаитындығын университет басшылығы ескерсе. Сапалы жоғары білімге қалай қол жеткізуге болатынын қоғамда әр-түрлі пікірлер қалыптасып, олар қызу талқылануда. Мамандардың пікірінше бірі – тарихи қалыптасқан жоғары білім жүйесіне түбекейлі өзгертулер енгізу арқылы жасампаздықпен отандық жоғары білімді әлемдік арнаға апарамыз деседі. Ал және бірі университеттегі материалдық техникалық жағдайдың әлемдік деңгейдегі университеттермен тең дәрежеде болмауы ең басты себеп деп көрсетеді. Шетелдік мамандарды тарту арқылы мәселенің түйінін шешуді ұсынған мамандар да баршылық. Алайда қазақстандық жоғары білім беру

әлемдік бәсекелестіктің шаңында қалмау үшін, біздіңше, білім беру саласының ең негізгі белсендісі, басты орын алатын тұлға - оқытушы-профессорлық құрам болғандықтан оларға ерекше мәртебе бергеніміз абыз. Басшы немесе менеджер, жабдықтаушы құралдар, қосымша қызмет көрсетуші тұлғалар - білім сапасын арттыруға көмектесушілер ғана екені баршаға мәлім. Дейтүрганмен, қалыптасқан қазіргі жағдайда оқытушы құрамның мәртебесі аталған тұлғаларға қарағанда әлеуеті екі саты кейін тұруы сапалы білім беруге кері септігін тигізу сөзсіз. Сондықтан да, отандық оқытушы-профессорлық құрамды жан-жақты көтермелегенде мен мәртебесін асқақтатуымыз керек. Ұстаздар мен ғалымдарға кез-келген елде және қай заманда, да болмасын құрметпен бас иген. Мысалы: Түрік билеушісі Явуз Сұлтан Сәлім Мысырдан қайтып келе жатқанда жанында атақты дін ғалымы Ибн Кемалмен бірге балшық жерден өтіп бара жатады. Ибн Кемалдың астындағы аттың аяғынан шашыраған балшық Явуздың киімдерін ластап, Ибн Кемал қысылып ұялады. Ұзтаздың қысылып, қымтырылғанын көрген Явуз Сұлтан Сәлім: «Қысылма ұстазым! Ғалымның атының аяғынан шашыраған балшық – біз үшін сәнді әшекей. Бұл көйлек осы балшығымен сақталып, өлгендеге табытымның үстіне қойылсын» деп өсiet айттып, ғалымдарға деген құрметтің үлгісін көрсеттіп [4, 13 б.].

Сауфа – Исламдағы алғашқы университет. Бұл жерде пайғамбар өзі сабак берген. Бәдір соғысында тұтқынға түскендерге 400 дирхам құн белгіленгенде, құн төлеуге ақшасы жоқ сауаты бар тұтқындар мәдиналық он балаға оқу-жазуды үйретіп азаттық алатын болған [4, 35 б.].

Қазақстандағы ислами білім беру жүйесінің ерте орта ғасырлардан басталған мың жылдан аса тарихы мен тәжірибесі бар. Ең алғашқы ислами орта оқу орындары болған медреселердің араб жерінде емес, Түркістан өлкесінде пайда болғаны тарихтан белгілі. Мұның басты себебі тілдік фактордың әсері болып табылады. Мұсылмандықты қабылдаған түркі халықтары үшін ислам дінінің негіздерін үйрену, шариғат зандылықтарын түсіну, зерттеу, тарату талпынысын араб тіліндегі Құран Қәрімді, Мұхаммед пайғамбар хадистерін, исламдық мәтіндерді игеру арқылы ғана жүзеге асыру мүмкін болып табылатын [5].

Исламда ғалымдарға деген құрмет ерекше. Ибн Масғұд: «Ғылымның жоғалуы ғалымдардың өлуінен болады. Аллаһ разылығы үшін өлген шейіттер ғалымдарға берілген жоғары дәрежелерді көргенде, ғалым болу үшін дүниеге қайта келуді тілейді» дейді [4, 14 б.].

Хасан Басри: «Ғалымдар болмаса, адамдардың басқа жан иелерінен айырмашылығы болмас еді. Өйткені олардың оқытуымен адамдар адамдық дәрежеге жеткен» [4, 15 б.] дейді.

Хазірет Алидің «Ғылым – байлықтан қайырлы. Өйткені малды сен қорғайсың, ал ғылым сені қоргайды. Ғылым бағындыруши, байлық бағынушы. Байлық берсең азаяды, білім берсең көбейеді» деген екен.

Мұқтар Әуезов «Халық қанша бай болса да уақыт өте келе бүкіл байлығы білімді халықтың қолына өтеді» [4, 5 б.] деуі жоғары білімнен кейінгі білімдінің болашағы мен түрлі мәселелерді қозгайтын терең ойлы мән жатқанын ұқтырады.

Ислам әлеміндегі жоғары окудың қалыптасу тарихын екі бағытта қарасырган. Бірінші бейресми медрессерлер олар жалпы көпшілікке арналған. Қалаған адам оқып, қалаған адам оқытқан. Ал екінші ресми медрессерлер, оған Низамия медреселері жатады. Белгілі бағдарламамен оқытылатын, бітірушілерге мемлекеттік қызмет берілетін медресені ресми деп атаған. Сол кездегі қалыптасқан әрбір жоғары оқу орыны болған медреселер жаңынан кітапхана, аурұхана, асхана, моншасы да болған екен [4, 50 б.].

Кейбір ғалымдар Бәйтул-Хикманы алғашқы медресе деп санайды. Аббаситтер кезінде медресе термині қолданылмаған. Бұл термин алғаш IX ғасырда қолданыла бастап, ресми түрде мемлекеттік мекеме ретінде Қарахандықтар заманында қолға алынған. Ислам тарихшылары алғашқы деп 960 жылғы Нишабурада Эбул Уәлид Хасан ибн Мұхаммед әл-Умауи салдырған медресе екенін айтады [4, 49 б.].

Низамия медреселері жоғары білім беретін оқу орны еді. Сондықтан ол жерде кейіннен ашылған барлық медреселерде сабак беретін мұғалімдер «мударрис» (профессор) деп аталды. Медреселердің кең тарауымен мударристер барлық жерде үлкен құрметке ие болды. Мударристерді әмірші немесе қорды құрган адам тағайындастын. Низамия медресесінде мударрис болу үшін сол уақыттағы ең тандаулы ғалым болуы, шет тілдерді білуі, діндар болуы керек еді. Әуелде оларды үзірлер тағайындаласа, кейіннен әміршінің бүйрығымен тағайындалатын болған [4, 56 б.].

Муид (ассистент) деп аталды. Араб тілінен келген сөз. Терминдік мағынасы мударристің сабағын қайталаپ, түсіндірме жасайтын көмекші. Медреселердің құрылудың бірге муид пайда болып, Аюбілер заманында өте маңызды қызметке айналған. Барлық медреседе бір-бір муидтен болған. Кейбір медреселерде бір мударриске екі муид тағайындалған. Муидтер шәкіртердің тәртбін де қарайтын. Мысырда бір медреседе мударрис, басқа медреседе муид болып қызмет атқарғандар да болған. Муидтердің бұл қызметті қанша жыл атқарғаны анық белгісіз болса да, шамамен, екі жыл болған деп айта аламыз [4, 56 б.].

Муфид (доцент) деп аталды. Тек Мысыр медреселерінде болған. Муфид өтілген сабактағы бөлімдерді қайталаپ кеңінен түсідірген. Суюти айтуынша муфид – мухаддистен жоғары хафыздан төмен дәреже. Алайда муфид

термині бұл қызметтің тек қана хадиске байланысты емес, медресе оқытушылар құрамынада да болғанын көреміз [4, 57 б.].

Тәлаба (шәкірт) деп аталды. Шәкірттің дені сау, зейіні ашық болуына қатты мән берілген. Осы себептен медресе мударистері тест дайындал, шәкірттерді қабілетіне қарай бөлек оқытатын. Шәкірттер саны 3 пен 100 арасында өзгеріп отырған [4, 57 б.].

Тарихқа көз салсақ оқытушы профессор құрамына құрмет қана емес оның қызметінің сапалы болуы үшін де әр түрлі жағдайдардың жасалғанына еріксіз күә боламыз. Ассистенттер - профессордың сабағын қайталап, түсіндірме жасайтын көмекші педагог қызметкер немесе болашақ ғалым болудың ірге тасын ертеден тәжірбемен теорияны үйлестіре білген ғылыми ізденуші.

Қазіргі қалыптасқан жағдайда магистратураға оқуға түсушілердің басым бөлігі, біріншіден, қоғамдағы еліктеу, шен алуға деген жарысу үрдісіне айналса, екіншіден, жақсы жұмысқа кіру үшін де жұмыс беруші тарапынан талап етіп отырғандықтан ғана қажет. Үшіншіден, доктарантураға оқуға түсуге ғана заңдағы келенсіз кедергі ретінде, амалсыздан, ат басын магистратураға бұруда. Бұл өз кезегінде магистрлердің заңды беделіне, жоғары білім беру сапасына кері әсерін тигізіп отыр. Сондықтан да, педагогикалық ғылыми бағыттағы магистранттарға екі жылдағы оқу барысында ассистент (фран. -assistant, нем. - assistent или assistenz), дәрежесін беру – қазіргі отандық жоғары білімнің интеграциялық жаһандануындағы көкейтесті мәселе.

Барлық алдыңғы қатарлы дамыған елдердегі және 17000 мың түрлі әлемдік университеттер арасындағы рейтинг бойынша да жүздікке еніп отырған жоғары оқу орындарында оқытушы-профессорлық құрамға көмекші ретінде ассистент қарастырылған. Ассистенттің атқаратын қызметі арнайы құжаттпен айқындалып, оның құқықтары, міндеттерімен қоса қызметі және құзіреттілігі заңмен анықталған. Қазақстан Республикасында да, ғылыми бағытта оқуға түскен магистранттарға ассистент дәрежесін бере отырып, педагогикалық ғылыми бағыттағы мамандардың қызметінің мәні мен маңыздылығын, қоғамдағы рөлін артыру мен педагогикалық және ғылыммен айналысушылардың өзектілігін өрістетуіміз керек.

Магистрант болашақ маман педагогикалық ғылымға келушілерді 0,5 еңбек жүктемесімен ғана жұмыс жасау құқығын шектейтін норманы алып тастаған жән. Себебі демократиялық, құқықтық, нарықтық қоғамда өмір сүре отырып адамның жоғары білімнен кейінгі білім алу үшін еңбек ету құқықтарын шектеуіміз казіргі таңда өзекті мәселе.

Мемлекет еңбекпен жоғары білімді қатар алып жүру саясатын қолдан отыр. Мемлекеттік бағдарламалардағы теориялық білім мен ғылымды ұштасыру - өзекті мәселе ретінде, күн тәртібінен түспей отырғаны осыған дәлел болса керек. Мемлекеттің үздіксіз білім беру бағдарламасы, өмір бойы білім алу

бағдарламалары - жоғары білімнен кейінгі білімді дамыту саясаты – сапалы маманды дайындау, деп түсінуіміз қажет. Сондыктан да, қазіргі таңдағы жоғары оқу орындарының басшыларының ішкі ережелерімен «магистрантардың тек теориялық біліммен ғана айналыссын, жұмыс жасамасын», деген саясаты еліміздің саяси бағдарламасына, нарықтық экономикалық жағдайға, жалпы жеке адам мен қоғам мұддесіне қайшы келіп отырғаны сөзсіз. Магистрант өз мамандағынан басқа мамандық таңдал және ғылым мен педагогикалық саладан басқа қызметің түрімен айналысатын болса ғана ЖОО басшыларының рұқсатын алуды тиіс. Бірақ, өз мамандығы аясында кез-келген қызметке, егер, магистранттың оқуына кері әсерін тигізбейтін жағдайда ғана, рұқсат етілуі тиіс. Ал, магистрант сол университетте өзі таңдаған кафедрада қызмет жасауы, оның ішінде, ассистент оқытушы-профессорлық құрамға көмекші немесе кафедра мен факультеттегі толық жатқан қоғамдық жұмыстарды атқаруға волонтёр (от лат. *voluntarius* - добровольно) ретінде ниет білдірсе, оған тиісінше қолдау жасап, еңбек етуге шектеу қоятын нормалардан босатылуы тетігін енгізуіміз тиіс. Әлеуметтік салаға қазына қаржысын жеткізе алмай, қаржыны үнемдеумен әлек болып отырған қазіргі үкіметтің экономикалық саясатына университеттер тарарапынан қолдау болмай отыр. Қазіргі қалыптасқан жағдайда жоғары оқу орны басшылары магистранттар мен докторантурға білімгерлерін факультет пен кафедрада тегін еңбекке тарту фактілері жиілеп, кең етек алып болды. Қандайда болмасын еңбек ол - қаржылай бағалануы тиіс болғандықтан, жоғарғы білімнен кейінгі білім алушыға ассистент ретінде жалақы төленуі тиіс. Міне, осында, қолданыстағы келеңсіз ережелер, жоғары білімнен кейінгі білім саласында түрлі заң бұзушылыққа алып келуде. Білімгерлердің бірі заңды жұмыс жасап, бірақ тапқан табысын, жұмыс орнын жоғары оқу орындан жасыруға тырысады. Енді бірі амалсыз мемлекеттің беретін степендия көлемінде өмір сүруге мәжбур. Әрине, оны алатындар ғана, ал степендия алмайтын білім алушылар да баршылық. Коммерциялық бөлімде білім алушылар ата-ана мойнына «мінүіне» тұра келеді және дипломын алғанша белшесінен қарызға бату да осы олқылықтардың әсерінен туындал отырған болса керек. Жоғарыда аталған заңдағы шектеулер және жоғары оқу орындары басшылығының дәл мұндай ішкі саясатымен Қазақсандық ғылым мен жоғары білімнен кейінгі білім беру сапасы қарыштап алысқа самғамасы анық.

Магистрант университетке қабылданған уақыттан бастап, өзі таңдаған мамандығы бойынша, тиісті кафедраға ассистент ретінде бекітілуі тиіс. Өз кезегінде, жоғары білімі бар бакалаврият мамандарына магистрант болу – үлкен мәртебе екендігіне көз жететіндей ету керек. Магистранттың кафедрадағы беделін айқындал, оны көтеру арқылы біз - жоғары білімнен кейінгі білім саласына деген қоғамда қалыптасқан келеңсіз көзқарастарды өзгертеміз. Өйтпегенде, магистрлік білімі жоқ оқытушы мен магистрдің білім дәрежесі заң бойынша тең. Себебі, екеуі де жоғары білімді және

дәрежесі тең бола тұра магистрантың ғылыммен, оқытушылық қызметпен айналысу құқығы бұзылуда және қосымша жұмыс жасау құқығынан шеттету - университет басшылығының оңтайлы шешімін қажет етеді. Магистрант пен докторанттарға заңдық түргыда өзіндік лайықты мән бермей, жоғары білімнен кейінгі білім мен ғылымның жетілуі мен өркендеуіне шектеу қойып отырғандай.

Білім алушы магистранттарға асистент дәрежесін беру - қандай өзекті мәселелерді шешпек? - деген заңды сұрақ туындастырылады. Біріншіден, Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы профессор, доктор, доцент, ғылым кандидаты т.б., ғылыми атағы бар оқытушы-профессорлық құрамы университеттегі, кафедрадағы әкімшілік, ұйымдастырушылық, т.б., қоғамдық және толып жатқан қағазbastылықтан, қосымша жұмыстардан айыруға бағытталуы тиіс. Ғылыми атағы бар оқытушы құрам дәріс оқу мен дәрістің сапасын арттыруға бағыттап, бар күшін ғылыми жұмыс жасауға сарп етуі қажет. Отандық оқулықтардың сапасын арттыру мен қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын, әдістемелік құралдарды жазумен, зерттеп-зerdeлеумен айналысы тиіс. Бұндай үрдіс еліміздің ЖОО оқытушы-профессорлық құрамның ғылыми атақ-дәрежесі бар тұлғаларың ғылыми потенциялын тиісті бағытқа жұмсауға үлкен мүмкіндік туғызады.

Екіншіден, білім алушы магистрантарды ЖОО-ның деканаттары мен кафедрада оқытушы-профессорлық құрамына көмекшілік қызмет етуге тарту - олардың теориялық білімдерін құнделікті тәжірибемен байланыстыра отырып, магистранттардың рөлін арттыру арқылы сапалы ғылыми педагогикалық тәлімгерге қол жеткізуге болады.

Үшіншіден, отандық ЖОО оқытушы-профессорлық құрамның оқу жүктемесін Болон декларациясына еніп отырған дамыған елдермен салыстыра қарасақ Қазақстандағы ЖОО-ғы жүктеме сағат саны әлдеқайда көп. Оқытушы-профессорлық құрамның оқу жүктемесін азайту арқылы да сан қумай, сапалы жоғары білімге деңгеленіміз абзал. Университет қаржысын үнемдеу саясатын оқытушы құрамың жалақысы есебінен қолдану тиімсіздігін дәлелдеу артық деп ойлаймыз.

Төртіншіден, білімгер магистрант жоғары білімі бар, бірақ әлеуметтік жағынан қорғалмаған, болашағы зор, ғылыми потенциалы бар қоғамның мүшесі болғандықтан, жұмыспен қамту тетігін де шешкен жөн. Бір жағынан, азаматтық қызметкер дәрежесін иеленген тұлға ретінде, мемлекеттен түрлі жеңілдіктер алуга құқықтары болуы заңды деп ойлаймыз.

«Әрбір адам үйренгенімен амал етпейінше, оны тәжірибеде қолданбағанша, нағыз білім иесі - ғалым болып есептелмейді» [4]. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қабырғасында, педагогикалық ғылыми тәжірибеден өту барысыда, асистент қызметін өз тәжірибемде атқарып көрдім. Сонымен қатар, дәріс оқу мен тәжірибелік

сабактарда да, ассистент ретінде, біріші курс магистрантари тартылды. Нәтижесі өте жақсы деп бағалауға болады. Бірақ, іс жүзіне асырганда заң нормасымен ассистент міндетін, құқығын, жауапкершілігін, атқаратын қызметінің шеңберін заңмен нақты айқындаған жөн.

Мемлекеттік магистрлік стандарттың жаңа жобасына «Ассистент дәрежесін беруді» енгізу және оны жүзеге асыруға жоғары оқу орнының стратегиялық бағдарламасын жасау қажет.

Оз кезегінде, аталған мәселенің қолданысқа енуі – Қазақстан Республикасының магистрлік білім беру сапасының артуына септігін тигізеді. Жас ғылыми ізденушілірді еңбекпен қамту мәселесін де шешеді. Нәтижесінде әлеуметтік жағынан қорғалған белсенді ғылыми ізденушілер легі қалыптасады. Жоғары білімнен кейінгі білім беру жүйесінің сапасын арттыруға, өзгертуге бағытталған тиімді стратегиялық бағдарлама болмақ. Сонымен қатар магистрлік білім беру жүйесіне деген қоғамда қалыптасқан теріс пікір де түбекейлі өзгеретініне сеніміміз мол.

Мемлекеттік стандартта Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына (2007 ж.), ҚР МЖМБС 5.04.019-2011 «Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер», ҚР МЖМБС 5.04.033-2011 «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Магистратура», Болон декларациясына (1999 ж.) және білім саласындағы басқа халықаралық құжаттарға, кредиттерді ауыстыру мен жинаудың европалық жүйесіне сәйкес отандық жоғары оқу орындары тәжірибеде тиімді қолданылғандағанда өз жемісін беруі мүмкін.

### Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2011 жылғы 2 ақпандағы берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). - Алматы: Юрист, 2012. – 446.

2 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. - 2007. - № 20, 151-құжат.

3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы «17» маусымдағы № 261 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарты Жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Магистратура. Негізгі ережелер ҚР МЖМБС 5.04.033-2011 Астана, 2011.

4 Өтелбаев Б. Ислам және ғылым. – Алматы, 2014ж. – 5-57 б.

5 Әбдірәсілқызы А. Қазақстандағы діни білім жүйесі: тарихы, қазіргі жай-күйі және өзекті мәселелері. – [электронды ресурс] – Кіру режимі – URL: // <http://e-islam.kz/kz/contents/view/1516> - (25.11.2014 жүгіну уақыты).

**Н.Д. Мырзатаев,**  
ст. преп. кафедры международного права,  
факультет Международное отношения,  
КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Алматы, Казахстан

### **Правовые аспекты присвоения магистрантам статуса ассистента**

Интеграция системы высшего образования, повышает актуальность проблемы получения качественного образования в высших учебных заведениях. Перед университетами ставятся новые обязанности при подготовке и воспитания квалифицированных и знаний, повышение авторитетов магистрантов в системе послевузовского образования. В статье раскрыты проблемы в действующем законодательстве, и представлены предложения эффективного исполнения на практике. Автором сделана попытка определения роли и места магистрантов в отечественных университетах.

**N. Myrzataev,**  
a head teacher of International relations faculty  
International law sub-faculty, of Ablai Khan KazUIR&WL

### **The legal aspects of giving the degree of master for assistants**

The integration of higher education's system makes actual the problem about getting qualitative education in educational institutions. There is put new aims before the universities during training the holders of master's degree. In this article was shown the problems of legislation, and presented the questions about putting it into practice effectively . The author made an attempt to define the role and place of holders of master's degree in home universities.

**4 БӨЛІМ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ**  
**ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ**  
**РАЗДЕЛ 4**  
**ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО И ГРАЖДАНСКОЕ ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ**  
**ПРАВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

УДК 347.62

**F.M. Қалмырза,**  
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,  
Халықаралық құқық кафедрасының оқытушысы, Құқық магистрі,  
Алматы, Қазақстан

**ҚАЗІРГІ ТАҢДА НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ**  
**КЕЙБІР ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРИ**

Мақала қазіргі таңда әрекет етіп отырған Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» Кодексі нормаларына сүйене отырып жазылған. Мақалада неке ұғымы, некенің жарамсыздығы, некеге тұру шарттарының ұғымдарының мәні ашылған, сондай-ақ қоғамда жалған некенің кездесуі, неке жасына жетпей отбасын құру деген сияқты проблемалардың көбейгендігі және оларды реттеу жолдары қозғалған. Сондай-ақ, неке және отбасы қатынастарын зерттеуде Ресей федерациясының, Бельгия, Үндістан және басқа да бірқатар мұсылман елдерімен салыстырмалы құқықтық талдау жасалынған. Әрбір тұлғаның некеге тұрар алдында отбасы құқығының басты қағидалары мен негіздерін анықтап алу қажеттігін айтылған.

*Tipek сөздер:* неке, отбасы, жауапкершілік, тіркеу, жалған неке, құқықтық жүйе, қағида, құқық

ҚР-ның Неке және отбасы кодексінде бекітілгендей неке дегеніміз ер адаммен әйелдің отбасын құру мақсатындағы тең құқықты одағы [1]. Дегенмен қоғамда әйел мен ер адамның отбасын құру ниетінсіз бірге өмір сүріп жатқандарын көптеп кездестіруге болады. Мұны біз жалған неке деп айтамыз. Мұндай жағдайда ерлі-зайыптылардың арасында ешқандай құқықтары мен міндеттерін болмайды. Жалған неке нақты мақсаттарды көздейді. Атап айтсақ, мұрагер болу, салық төлеуден жалтару, тұрғын үйге құқық алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын алу және т.б.

Некениң жалғандығының негізгі белгісі отбасын құру ниетінің болмайтындығы. Сондықтан да егер де мұліктік немесе басқа да пайданы көздей отырып некеге тұрып, кейіннен отбасын құрып, сәби сүйген жағдайда ондай неке жалған неке ретінде қарастырыла алмайды. Некеде түрмәған ерекке немесе әйелге бала асырап алуға рұқсат етілмейтін жағдайлар да бар. Сондықтан да халық, мұндай проблемаларды шешудің жолын жалған некеден іздеген. Қазіргі кезде жалған неке стратегиясы көп жағдайларда ірі қалаларда тұрғылықты тіркелу үшін қолданылады [2].

Жалған неке проблемасы көптеген мемлекеттерде әлі де толық зерттелмеген. Кейбір елдердің тәжірибесіне сәйкес жалған неке келісім шарт ретінде қарастырылады. Мұның себебі некеге тұрушы тұлғалардың біреуінің ақша қажеттілігі және екіншісінің некеге тұру арқылы нақты бір мәселені шешуі болуы мүмкін. Әдетте тіркелу, тұрғын үйді алыш-сату мәселелерінде қолданылады. Алғашында әйел мен ер адам жақын достар болса, кейіннен некесі заңды некеге айналуы мүмкін. Дегенмен де некениң бұл түрін жалған неке деп қарастыру керек, өйткені некениң жалған немесе жалған еместігінің басты көрсеткіші — әйел мен еркектің некеге тұру кезіндегі мақсаты.

Жалған некениң жарамсыз деп тану туралы істерді қарау үнемі қынға соқтырған. Өйткені, отбасын құру ниетінің жоқтығын дәлелдеу мүмкін емес.

Қазақстандық заңнамаға сәйкес ерлі-зайыптылардың бірге тұруы міндетті болып табылмағандықтан, тұрғылықты жері бөлек ерлі-зайыптылардың некесін жалған некелер қатарына қосуға ешқандай негіз жоқ.

Әсіреле отбасын құру ниеті ерлі-зайыптылардың тек біреуінде ғана болмағанын дәлелдеу қын. Мұндай жағдайларда әдетте қысқа мерзімде сырт көзге отбасы секілді көрінеді, себебі ниеті тұзу емес жұбайы өзінің зайыбынан іс жүзіндегі арам ниетін жасыруға тырысады. Оның шынында да отбасын құру ниетінің болмағаны әдетте көзделген мақсатына (азаматтық алу, тұрғын үйге құқық алу) қол жеткізген жағдайда анықталады. Алданған тұлға жағдайдың шынайы мәнін түсінгеннен кейін барып қана некениң жарамсыз деп тану туралы шағым жасайды. Алайда ол нақты жағдайда ажырасудың себебі әдеттегі ұрыс-жанжал емес екенін сotta дәлелдеуі тиіс.

Жалған некениң ерлі-зайыптылардың жас мөлшері немесе әлеуметтік жағдайына қарай анықтауға болады. Бірақ дәлелдеу қын. Қазақстанда Қытай Халық Республикасы мен ҚР азаматтарының арасында жасалған жалған некелердің саны аз емес.

Қалалық Ішкі Істер Басқармасы заңсыз миграциямен құрес бойынша бөлімшесінің мәліметтеріне сәйкес, 1995 жылдан бастап мемлекетте шетелдік азаматтардың ҚР территориясына кіруін қатаң бақылау тәртібі орнатылды. 2013 жылы 7 мың Қытай азаматы тіркелді, жартысынан көбі оралмандар. Қытай азаматтарымен жасалған 4 неке тіркелді, 5 адам тұрғын үйге құқық алды.

Ресей Федерациясында мұліктік келісім ретінде жалған неке 30-жылдары пайда болды. Ирі қалаларда тіркелу, шетелге шығу сияқты мәселелердің барлығы жалған неке арқылы шешілді. Ал қазіргі таңда бұл ірі әрі ғұлденіп

келе жатқан бизнестің бір түріне айналды. Соңғы жылдары Ресей Федерациясында, әсіресе Мәскеу секілді ірі қалаларда жалған некелердің саны күннен күнге өсуде [3].

Жалған неке жасалу барысында неке қиынға қажетті талаптардың барлығы сақталады, оның мақсаты отбасын құру емес, қандай да бір артылықшылықтарға ие болу. Кейбір жағдайларда ерлі-зайыптылар арасында неке шарты жасалады. Бұл Қазақстанда соңғы кездері танымал бола бастаған, бұрын-соңды болмаған беймәлім құбылыс. Неке және отбасы туралы Кодекстің 39-бабына сәйкес некеге отыратын адамдардың келісімі немесе ерлі-зайыптылардың некедегі және ол бұзылған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім **неке шарты** деп танылады. Бұдан басқа неке шартында некеде туған немесе асырап алынған балалардың мүліктік құқықтары көзделуі мүмкін. Басқаша айтқанда, неке шарты некедегі ерлі-зайыптылардың және балалардың мүлікке құқығын бекітетін заңдастырылған уағдаластық болып табылады. Неке шарты ерікті шешім, оны жасасуға немесе жасаудан бас тартуға ешкім міндеттемейді. Көпшілігі неке келісімшарты ажырасудың себебі болуы мүмкін деген ойда. н бас тарту керек деп, неке шартын жасағанды қолдайды, алайда әлемдік тәжірибе неке шартын жасасу көп жағдайда некенің бұзылуын болдырмайтынын дәлелдейді. Қазақстан Республикасының Неке және отбасы Кодекстің 40-бабына сәйкес неке шартын некені тіркеуге өтініш берген күннен бастап, некені тіркеу рәсіміне дейін, сондай-ақ неке кезеңінің кез келген уақытында жасасуға болады. Егер некені тіркегенге дейін неке шартын жасасаңыз, онда шарт некені тіркеу рәсімінен кейін ғана күшіне енеді.

Жалпы, жалған неке екі түрлі болуы мүмкін:

1. Некеге тұруши тұлғалардың екеуінің де некенің жалғандығын біле отырып қандай да бір пайда табу мақсатында келісім жасасуы
2. Некеге тұруши тараپтардың біреуі алдануы, қателесуі салдарынан некенің жалғандығын білмей отбасын құру мақсатында жасалуы.

Сот ерлі-зайыптылар отбасын құру мақсатынсыз некеге тұргандығына қарамастан ерлі-зайыптыларға тән отбасылық қатынастарға түсken жағдайларда жалған некені жарамсыз деп таниды. Барлық жағдайларды зерттеу нәтижесінде ғана сот, некені жалған деп тану туралы шешім шығара алады.

Некенің жалғандығын дәлелдеу мақсатында барлық құралдарды пайдалануға болады: медициналық анықтама, жеке хат алысу, күәгердің айфактары. Бірақ некеге тұруши тұлғалар әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды.

Некежарамсыздептанылмайды, егер:

- Неке мерзімі ұзакқа созылса (бір жылдан астам уақыт бұрын қылған болса)
- Некеден бала тууы немесе жүктілік орын алған болса, баланың немесе жүктіліктің болуын екенін отбасын құру мақсатында жасалғандығын білдіреді.

«Есеп бойынша неке» деп аталатын некенің тұрларі де кездеседі. Мұнда некеге тұруши тұлғалардың екеуі де отбасын құруға ниеттene отырып өздері тұрған некелерінен материалдық немесе басқа да артылықшылықтарға ие болуды көздейді. Мұндай неке заңда белгіленген тәртіппен жасалғандықтан заңсыз деп танылмайды.

Бельгияда жалған неке үшін қылмыстық жауапкершілік көзделетін заң қабылданды. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтері бойынша, некенің Бельгия азаматтығын алу мақсатында жасалғаны анықталса, заңсыз әрекеттер жасаған тұлға екі жылға бас бостандығынан айрылады. Жазаның бұл түрі некелік одақта тұруши тараптардың біреуі некеге тұруға мәжбүрлі түрде тартылу жағдайында қолданылады. Сонымен қатар заң бұзғандар үшін 15 тәуліктен 1 жылға дейін бас бостандығынан айыру, ақшалай айыппұл төлеумен өтелетін жаза тұрларі көзделген. Қабылданған заңға сәйкес муниципалдық басқарма қызметкерлері некеге тұруға ниет білдіруші тұлғалардың ниеттерінің адалдығына қатысты құдіктенсе, некені тіркеуден бас тартуға құқылышы [4].

Индия Жоғарғы Соты некеде жыныстық қатынастың болмауын — некені бұзудың басты негіздерінің бірі деп таниды. Яғни мұндай әрекеттерден ерлі-зайыптылардың біреуінде отбасын құру ниетінің жоқтығын көруге болады. Осыған сәйкес ерлі-зайыптылардың біреуінің отбасы міндеттерін орындауы некені бұзудың негізі болып табылады. Қандай мемлекетте болмасын жалған неке салдарының құқықтық реттелуі қынға соғады.

Жалған некені жарамсыз деп тану туралы шағымды прокурор және некенің жалғандығын білмеген тұлға жасай алады.

Біздің елімізде көпшілік мойындаған жалғыз неке – заңды неке. Яғни, біздің еліміз ғана емес, көптеген мемлекеттер моногамды некені қолдайды. Отбасы және неке институттарының пайда болу, қалыптасу, даму тарихында некенің полигамды деген түрі де болды. Полигамды некенің екі түрі болған: полигиния – бір ер адамның екі немесе бірнеше әйелмен некеге отыруы, ал полиандра – бір әйелдің бірнеше ер адаммен некелесуі. Қазіргі таңда полиандра нысанындағы неке кездеспейді деп айтсақ болады. Ал, полигиния нысанындағы неке мұсылман елдерінде көптеп кездеседі. Бұрынғы қазақ қоғамында да ұрпақ болмаған жағдайда бәйбішенің рұқсатымен ғана бірнеше әйелмен некелесуге жол берілген. Қазіргі таңда отбасын құрып, бала сүйгісі келетін кез келген жастар бірлесіп, АХАЖ органдарына некесін мемлекеттік тіркеғісі келетінін көрсетіп, бір ай бұрын арыз жазып қояды.

Некеге тұру үшін ер адам мен әйелдің өзара ерікті келісімі және олардың неке жасына жетуі керек. Егер неке күш көрсету, алдау, қорқыту жолымен қиылған болса, онда ол жарамсыз деп танылуы мүмкін. Некеге тұру келісімін некені тіркеу рәсімінің барысында некеге тұруши адамның тікелей өзі ауызша білдіреді және оның қолын қойғызу арқылы расталады. Соның өзінде ата – аналарының немесе туыстарының келісімі талап етілмейді. Дей тұрғанмен, қай жағынан алып қарағанда да ата – анасының құптауы болашақ отбасы үшін өте маңызды. «Қазақстан Республикасының неке және отбасы

Кодексі»бойынша неке жасы – 18 жас. АХАЖ органдары дәлелді себептері болған жағдайда неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендете алады. Неке жасына жетпеген адамдардың некеге тұруына ата – аналарының келісімі бойынша ғана рұқсат етіледі. Жүктілік немесе баланың тууы, өскери қызметке шақырылуы, кәмелетке толмағандардың нақты отбасын құруы дәлелді себептердің қатарына жатады. Соның өзінде басқа да дәлелді себептердің болуы мүмкін. Некеге тұратын адамдар медициналық, сондай – ақ медициналық – генетикалық мәселелер және репродукциялық деңсаулық қорғау мәселелері бойынша консультациялар алып, тексеруден өтулеріне болады. Мұндай тексерулер некеге тұратын адамдардың екеуінің келісімімен ғана өткізуі тиіс. Некеге тұратын адамдарды тексерудің нәтижелері медициналық құпия болып табылады және ол некеге тұруға ниеттенген адамға тексеруден өткен адамның келісімімен ғана хабарлануы мүмкін. Болашақ ерлі – зайыптылар АХАЖ органына өздерінің некеге тұрғысы келетіндіктері туралы бірлесіп жазбаша түрде мәлімдеуі керек. Егер ол дәлелді себептермен АХАЖ органына келе алмайтын жағдайда ол адамдардың некеге тұруды қалайтындары жөніндегі нотариус куәландырған өтінішін табыс етуге заң рұқсат береді. Некеге тұратын адамның тікелей қатысуымен неке АХАЖ органдарында қылады. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысы қызмет, кәсіп түрін, тұрғылықты жерін таңдауға ерікті. Ана, әке болу, балаларды тәрбиелеу, оларға білім беру мәселелері мен отбасы өмірінің басқа да мәселелерін ерлі-зайыптылар бірлесіп шешеді. Ерлі-зайыптылар отбасындағы өз қатынастарын өзара сыйластық және өзара көмек негізінде құруға, отбасының игілігі мен нығаюына жәрдемдесуге, өсіп жетілуіне және олардың әл ауқаты жағдайына қамқорлық жасауға міндетті.

Қазақстандық құқықтық жүйе романо-германдық жүйеге жататын болғандықтан заңды басшылыққа алады. Ал мұсылман құқық жүйесі діни сипатқа ие. Мұсылман құқығы бойынша неке қиу процедурасы женілдетілген, ешқандай мемлекеттік тіркеуді талап етпейді. Ал Қазақстан Республикасында, АХАЖ органдарында тіркелген неке ғана заңды салдар туғыза алады. Мұсылман құқығында тек жалпы құқықтық мәселелерге ғана емес моральдік нормаларға да көніл бөлінеді. Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес неке жасы 18, ал мұсылман құқығы бойынша жыныстық тұрғыда жетілген тұлға кәмелеттік жасқа толған болып есептеледі. Қазіргі таңда отбасы неке қатынастары көніл аудараптық мәселе болып табылады. Отбасы институты КР-ның Конституциямен қорғалады, әрбір адам отбасы құқығын зерттеп, білуі қажет. Әрбір тұлға некеге тұrap алдында отбасы құқығының басты қағидалары мен негіздерін анықтап алғаны дұрыс. Сонда ғана толыққанды отбасы, дені сау және бақытты ұрпақ болады.

### Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз. - Алматы: ЮРИСТ, 2014. – 9 бап.

2 Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Кодексі. 27 желтоқсан 2007 жыл. [электронды ресурс.] – Kipу режимі URL: <http://www.akorda.kz/ru/category/prezident> - (30.11.2014 жүгіну уақыты). – 11 б.

3 Айталау А. По семейным обстоятельствам // Мегаполис. – 2005. - № 30 (243. – 46 б.

4 Игнатенко А.А., Скрыпников Н.И. Брачный договор. Законный режим имущества супругов. М.:1997. [электронный ресурс].– Режим доступа URL: [http://abc.vvssu.ru/Books/sem\\_pravo1/](http://abc.vvssu.ru/Books/sem_pravo1/) - (25.11.2014 жүгіну уақыты). – 63 б.

5 Антольская М.В. Семейное право: Учебник – М.: Эділет, 1998 - [электронды ресурс]. – Kipу режимі URL: [http://abc.vvssu.ru/Books/sem\\_pravo1/](http://abc.vvssu.ru/Books/sem_pravo1/) - (21.10.2014 жүгіну уақыты).

**Г.М. Калмырза,**

магистр права, преподаватель кафедры международного права,

КазУМОиМЯ имени Абылай хана,

Алматы, Казахстан

### **Некоторые правовые аспекты брачно-семейных отношений**

Статья написано на основе действующего «Брачно-семейного Кодекса Республики Казахстан». В статье раскрывается основные понятие брака, основания недействительности брака и условии вступления в брак, а также затрагиваются вопросы о фиктивном браке и создания семьи до совершеннолетнего возраста. А также в исследовании семейных и брачных отношении проведен сравнительный правовой анализ с соответствующими законодательными актами Российской Федерации, Бельгии, Индии и иных стран с мусульманской правовой системы. Определена необходимость изучения основных принципов семейного права, до вступления каждого лица в брак.

**G.M. Kalmyrza,**

teacher, master of Law Kazakh Ablai Khan university of international relations and world languages, Almaty, Kazakhstan

### **Some legal aspects of marriage-domestic relations**

Article written on the basis of the marriage and family code of the Republic of Kazakhstan». The article deals with the basic concept of marriage, grounds for invalidity of the marriage and the marriage, and raised questions about fictitious marriage and starting a family until the age of majority. And also in research domestic and marriage relation a comparative legal analysis is conducted with the corresponding legislative acts of Rossiyskoy of Federation, Belgium, India and another countries from the moslem legal system. The necessity of study of basic principles of family law is certain, to entering of every person into marriage.

УДК 343.336(574)

Д.М. Махмадинов,

ст. преп. кафедры международного права,

факультет «Международные отношения»,

КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Алматы, Казахстан

## ПРАВОВАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ИНСТИТУТОВ КОММЕРЧЕСКОЙ И БАНКОВСКОЙ ТАЙНЫ В ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ КАЗАХСТАНА

В данной статье автор дает правовую характеристику институтам коммерческой и банковской тайны. Автор приходит к выводу, что исторический опыт уголовно-правового обеспечения коммерческой и банковской тайны необходимо использовать и в наши дни для предотвращения преступлений и установления эффективных уголовно-правовых запретов. Предлагается рассмотреть некоторые особенности законодательства и практики зарубежных стран по защите коммерческой тайны, для усовершенствования национального законодательства. Так как, только четкая урегулированность экономических вопросов может стать преградой для злоупотреблений со стороны недобросовестных руководителей предприятий, организаций, фирм и отдельных лиц, которые занимаются предпринимательской деятельностью.

*Ключевые слова:* Коммерческая тайна, банковская тайна, коммерческий шпионаж, конкуренция, разглашение, информация, производственная тайна, несанкционированное обнародование, отмывание средств

Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы (ст. 1 Конституции РК) [1]. Защита суверенитета и территориальной целостности Казахстана, обеспечение его экономической безопасности являются важнейшими функциями государства, делом всего казахстанского народа. В Республике Казахстан единство экономического пространства, возможность беспрепятственного перемещения товаров и финансовых средств, свобода экономической деятельности и поддержка конкуренции сегодня получают необходимые правовые гарантии. Признаются и равным образом защищаются государственная и частная собственность. Свободно использовать собственные способности и имущество для предпринимательской или другой незапрещенной законом экономической деятельности имеет право каждый дееспособный гражданин. Конституция Республики Казахстан закрепила путь нашего государства к построению развитой экономики. Главную позицию занимает законодательное обеспечение всех жизненно важных экономических вопросов. Мы считаем,

что четкая урегулированность экономических вопросов станет преградой для злоупотреблений со стороны недобросовестных руководителей предприятий, организаций, фирм и отдельных лиц, которые занимаются предпринимательской деятельностью. Это также не позволит им манипулировать соответствующими положениями в своих интересах, пренебрегая при этом законными интересами партнеров и конкурентов. Успешная экономическая деятельность предприятия, фирмы или банка, взаимовыгодное партнерство, добросовестная конкуренция непосредственно зависит от наличия таких жизненно важных для хозяйствующего субъекта институтов, как коммерческая и банковская тайна.

Уголовно-правовая защита коммерческой и банковской тайны в Казахстане предусмотрена ст. 200 УК Республики Казахстан. Так, на наш взгляд, из диспозиции ст. 200 УК РК вытекает, что законодатель рассматривает собирание сведений, составляющих коммерческую или банковскую тайну, как форму коммерческого шпионажа. И с этим следует согласиться, ведь похищение документов, подкуп или угроза в отношении лиц, владеющих коммерческой или банковской тайной, или их близких, перехват в средствах связи, незаконное проникновение в компьютерную систему или сеть, использование специальных технических средств, а равно иным незаконным способом в целях разглашения либо незаконного использования этих сведений входит в шпионскую деятельность и фактически является ее следствием (результатом). Вместе с тем, незаконное разглашение или использование сведений, составляющих коммерческую или банковскую тайну, без согласия их владельца лицом, которому она была доверена по службе или работе, совершенные из корыстной или иной личной заинтересованности и причинившие крупный ущерб, образует квалифицированный состав преступления (ч. 2 ст. 200 УК РК), несмотря на то, что такое поведение по своему характеру и содержанию может расцениваться как коммерческий шпионаж. Сфера применения уголовно-правовых норм о коммерческой тайне расширена, во-первых, за счет указания на причинение крупного ущерба субъекту хозяйственной деятельности, во-вторых, за счет отсутствия в ст. 200 УК РК конкретизации характера причиненного вреда (так, этот вред может быть не только материальным). Крупный ущерб в действующем УК Республики Казахстан трансформировался в оценочный признак.

В связи с развитием международной торговли и промышленно-технического сотрудничества между государствами мировое сообщество осознало необходимость разработки международно-правовых норм о коммерческой тайне. В практику международных экономических отношений вошло заключение двух - и многосторонних международно-правовых соглашений, регулирующих отношения относительно обмена научно-техническими знаниями и опытом и защита конфиденциальной коммерческой информации. Проблемы, связанные с определением содержания и правовой сущности таких соглашений, обусловили разработку

Европейской экономической комиссией ООН ряда типовых договоров. В 1957 г. были разработаны Общие условия поставок и монтажа оборудования, в 1963 г. – Общие условия монтажа машинного оборудования за границей, в 1969 г. – Инструкция по заключению договоров о международной передаче производственного опыта и знаний машиностроения [2].

Сегодня под влиянием внутренних и внешних социально-экономических факторов идет процесс усовершенствования правовой охраны коммерческой и банковской тайны в системе национального законодательства. Это содействует предотвращению пробелов и ошибок в законотворческой деятельности. Диспозиция рассматриваемой статьи УК РК должна отвечать развитию и состоянию общественного отношения, а границы санкций не должны превышать степени общественной опасности этих преступлений. Мы считаем, что в условиях стремительного развития общества в случае возможности возникновения сопредельных отношений исследуемых институтов необходимо своевременно реагировать путем создания или ликвидации уголовно-правовых запретов.

Институты коммерческой и банковской тайны являются одними из главных факторов экономического благополучия субъектов хозяйственной деятельности. Они содействуют развитию постоянных рыночных отношений, защищают финансовые ресурсы, вложенные в разработки и исследования, обеспечивают охрану приоритета на рынке. Информация, составляющая коммерческую и банковскую тайну, играет важную роль в сфере предпринимательства. Развитие и процветание многих фирм в мире стали возможны именно благодаря умелому сохранению и защите своих коммерческих тайн. Сегодня большое количество технологических секретов сконцентрировано в фирмах, которые вырабатывают электронную технику.

В Законе РК «О конкуренции» от 25 декабря 2008 г. в ст.**28** «**Неправомерное использование информации, составляющей коммерческую тайну**» неправомерным использованием информации, составляющей коммерческую тайну, является использование без разрешения правообладателя при осуществлении предпринимательской деятельности сведений, составляющих в соответствии с законодательством Республики Казахстан коммерческую тайну [3].

В этой связи целесообразно рассмотреть некоторые особенности законодательства и практики зарубежных стран по защите коммерческой тайны.

Спецификой юридического преследования лиц, виновных в разглашении коммерческой тайны, является то, что их часто просто увольняют с работы за содеянное ими нарушение условий контракта. Таким образом, общие интересы социально-экономической безопасности в значительной мере приносятся в жертву интересам сохранения репутации конкретной фирмы.

Положения, касающиеся уголовных дел о разглашении коммерческой тайны как дел частного обвинения, возбуждаемых, как правило, по жалобе пострадавшего, закреплено в ст. 162 УК Швейцарии, § 205 УК ФРГ, ст. 273

Қазақстан Конституциясының 14-бабына сай «заң мен сот алдында жүрттың бәрі тең». Бұл қағида азаматтардың әлеуметтік, мұліктік және лауазымдық жағдайына тәуелсіз олардың теңдігін көздейді. Алайда Негізгі Заңының бірқатар басқа нормалары мемлекеттік органдарда жоғары мансаптарды иеленген бірқатар адамдар: ел Президенті, Парламент депутаттары, Конституциялық Кеңес өкілдері мен мүшелері, судьялар, Бас Прокурор үшін қылмыстық жауапкершілікке тартудың ерекше шарттарын көздейді. Басқаша айтқанда, қылмыстық құқықтағы иммунитет дегеніміз адамның тек қана құқықтық мәртебесімен шарттасатын, заң алдындағы азаматтардың теңдігі қағидасынан шығарып тастауды білдіреді.

Сайып келгенде, қылмыстық заңнамадағы иммунитетті оның лауазымдық немесе басқа әлеуметтік жағдайының арқасында адамды қылмыстық жауапкершіліктен босатудың ақтамайтын негізі ретінде анықтауға болады. Барлығы заң мен сот алдында тең деген конституциялық қағиданы іске асыру иммунитет институтының қылмыстық жауапкершіліктен осылай босауға құқығы бар адамдар тобын қыскарту жағына қарай дамуын шамалап айқындейдьы. Бұдан басқа, біздің пікіріміз бойынша, иммунитеттің тиісті мемлекеттік лауазымда болу мерзімімен анықталатын, қолдану уақыты бойынша шектері болуы керек.

### Әдебиеттер

- 1 Лехина И.В., Петрова Ф.Н. Словарь иностранных слов.– М.: Словарь, 1954. – 853 б.
- 2 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразеологических выражений. – М.: ООО «А ТЕМП», 2006. – 944 б.
- 3 Морозова И.С. Становление и развитие института правовых льгот в российском законодательстве // Законодательство. – 2006. – № 1. – 83-87б.
- 4 Лукошкина С.В. Иммунитеты в Российском уголовном судопроизводстве: дис .... к.ю.н.– Иркутск, 2005. – 224 б.
- 5 Лунеев В.В. Преступность XX века: мировые, региональные и российские тенденции. – М.: Волтерс Клувер, 2005. – 912 б.
- 6 Малько А.В., Суменков С.Ю. Правовой иммунитет: теоретические и практические аспекты // Журнал российского права. – 2002. – № 2. – С.16-23.
- 7 Ешназаров А.А. Привилегия и иммунитет в уголовном процессе (по законодательству Республики Казахстан): дис... к.ю.н. – Алматы, 2009. – 185 с.
- 8 «Қазақ ССР-інің сот құрылыштыралы» 1990 жылғы 23 қарашадағы Қазақ ССР-ның Заңы // Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары. - 1990. -484 б.
- 9 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 28 қантар 1993 ж. – Алматы: Юрист, 2011.
- 10 Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 ж. – Алматы: Юрист, 2014.

**Ж.А. Кегембаева,**

д.ю.н. доцент кафедры Международного права,  
Каз УМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казақстан

### **Уголовно-правовые иммунитеты и привилегии должностных лиц**

Статья посвящена уголовно-правовому институту иммунитетов и привилегий. В статье рассмотрены отличия института уголовно-правовых привилегий от института иммунитетов, а также даны определения привилегий и иммунитетов. Институт иммунитетов нашел свое закрепление в ряде нормативных правовых актов Казахстана. Уголовно-правовой иммунитет представляет собой исключение в реализации принципа равенства граждан, поскольку им обладают лишь строго определенные категории лиц. Такие особые правомочия связаны с особым правовым статусом данных лиц. Автор рассматривает способы использования иммунитетов и привилегий в уголовном судопроизводстве и выдвигает в целях их совершенствования свои предложения теоретического и практического характера.

**Zh. Keguembaeva,**

Doctor of Law, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

### **Criminal legal immunities and privileges functionaries**

The article provides an analysis of the criminal legal institutions immunity and privileges of functionaries. The author formulated the concept of immunity and showed how it differs from the legal privilege. Institute immunities secured in a number of legislative acts of Kazakhstan. Criminal legal immunity is an exception to the principle of equality of citizens, as they have a well-defined category of persons. Such special powers associated with the special legal status of these persons. The author discusses how to use the immunities and privileges in criminal proceedings and advances for the purpose of improving their offers theoretical and practical nature.

**УДК 3:34 (343.11)**

**A.A. Сыздықова,**

аға оқытушы, құқық магистрі,

Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ, Алматы, Қазақстан

### **АЛҚА БИЛЕР ИНСТИТУТЫН ЖЕТИЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРИ**

Бұл мақалада алқабилердің қылмыстық істері қараудағы алатын орны мен маңыздылығы айқындалды. Алқа билер үміткерлерін іріктеуді жетілдіру, олардың қатысуымен қаралатын істер бойынша сottалушының және іске қатысуышы жақтардың құқықтарын кеңейтуді әлі де арттырып, жинақтай тұсу мәселелері талқыланды. Сондай ақ, алқабилер тізіміне өзгертулер енгізу үміткерлерді іріктеуді жаңашалау, сыйақы төлеуді, жаңарту және заңдастыру, толықтырулар енгізу мәселелері карастырылды.

Қылмыстық сот ісін алқабилердің қатысуымен жүргізу ең алдымен азаматтардың конституциялық құқықтарын толықтай іске асыруға мүмкіндік туғызатындығы көрінетіндігін байқаймыз.

*Tірек сөздер:* үміткерлерді іріктеу, алқабилерді тіркеу, арнайы комиссия, құқықтық мәртебе, алқабилердің жауапкершілігі

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері сот жүйесін құру мен басқару саласында сот реформасы жедел қарқынмен жүргізіліп келеді. Соның бір дәлеліндей алқа

бiler институтының енүі сот билігінде демократиялық қадам жасаудың негізі болып табылады. Алқа билер заңды басшылыққа ала отырып, өзінің ішкі сенімі бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамның кінәсі мен кінәсіздігі туралы кесім шығаратын халық өкілдерінің соты болып табылады. Адам тағдырын шешуде халықтың сот билігіне қатысуы. Алқабилердің қатысуымен сот ісін жүргізуі қажеттілігі Елбасымыздың Жарлығымен бекітілген құқықтық саясат тұжырымдамасында және Президенттің Қазақстан халықына Жолдауында көрсетілген. Жалпы ТМД бойынша біздің еліміз Ресейден кейінгі осы институтты енгізген екінші мемлекет болып табылады.

Сот ісін жүргізуің конституциялық қағидаттарын жүзеге асыру – өмір талабы. Ал оның негізгі қағидаттары: барша адамның заң алдында тенденция, кінәсіздік презумпциясы, тараптардың бәскелестігі және заңды бұза отырып алынған дәлелдемелерді пайдаланудың мүмкін еместігі дейміз. Бірақ, мұның бәрін алқабилер қатысатын сот қана толық жүзеге асыра алады. Өйткені, алқабилердің қатысуы соттың бейтараптығын толығымен қамтамасыз етеді. Сот реформаларын одан әрі жетілдірудегі аса ауыр қылмыстық істерге алқа билерді қатыстырып қараудың мәселелері ете маңызды болып отыр. Алқа билер үміткерлерін іріктеуді жетілдіру, олардың қатысуымен қаралатын істер бойынша сотталушының және іске қатысушы жақтардың құқықтарын кеңейтуді әлі де арттырып, жинақтай тұсу. Осындай ұсыныстарды саралай келе алқабилер туралы қабылданған заңды қолдануда пайда болған кейбір мәселелерге тоқталсады.

Оның ішінде Алқабилер үміткерлерін іріктеу тізімін жасақтауға байланысты Заң бойынша алқа билер тізімін жасақтау жергілікті атқарушы органға жүктелінген. Бірақ, олардың қазіргі таңда тізім жасауға салғырт қарайтындығы анықталып отыр. Аталған заң тәртібі бойынша жергілікті атқарушы орган облыстық сот тәрағасын алқа билер үміткерлері саны туралы ұсынысын алғаннан кейін 3 ай мерзім ішінде үміткерлердің тізімін жасап, облыстық сотқа жіберуі тиіс. Демек, жергілікті атқарушы органдар алқа билеріне үміткерлерін тізімін жасаумен жылдың 1 қыркүйегінен бастап желтоқсан айының 1 не дейін айналысады.

Үміткерлер тізімінен алқа билер кездейсоқ таңдау арқылы алынатындықтан жергілікті атқарушы органдар оларды жеке тексеруден өткізіп, бұрын сотты болған немесе болмағанын, жас мөлшерін, мамандығын, жұмыс орны, мекенжай дәл анықталуы қажет. Алайда қазіргі таңда тәжірибе барысы көрсетіп отыргандай, осы берілген аз уақыт ішінде жергілікті атқарушы органдар алқа билер үміткерлерді тексеруден жан-жақты және толық өткізіп үлгермейді. Соның салдарынан тізімін алқа билер бола алмайтын адамдар да еніп кетеді. Сонымен бірге үміткерлердің мекен-жайлары дәл көрсетілмегендіктен, оларды сотқа шақыру қағазы жеткізілмей қалады. Атқарушы органдардың тізімді жасауға ат үсті қарауына себеп, біріншіден: оларды міндет уақытша жүктелуі

болса, екіншіден тізімнің дұрыс жасалмауына байланысты берілетін жауапкершіліктердің заңда қарастырылмауы дер едім.

Осындай кемшіліктерді болдырmas үшін алқабилерді іріктеу мен тіркеуге өкілеттілік бекітілген арнайы комиссия құрылса, сонымен қатар әрбір алқабилерге өзіне жүктелетін міндеттерге сәйкес жауапкершіліктің маңыздылығын жетік түсіндірлсе.

Алқаби - соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматы. Исті қарауға байланысты іс-әрекеттеріндегі Алқабидің құқықтары, міндеттері «Алқабилер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабында тікелей көрсетілген [1].

Осы заңды басшылыққа ала отырып Алқабилердің құқықтары:

1) өзінің ішкі нанымы бойынша істің мән-жайын өз бетінше бағалауға және алқабилер алқасының алдына қойылатын сұраптарға жауап беруге мүмкіндік алу үшін сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға;

2) процеске қатысушыларға төрағалық етуші арқылы сұраптар қоюға;

3) заттай дәлелдемелерді, құжаттарды тексеріп қарауға, жерді және үй-жайларды тексеріп қарау ісіне, сот тереуіндегі барлық басқа да іс-әрекеттерге қатысуға;

4) төрағалық етушіге заннама нормаларын, сондай-ақ сот отырысында жария етілген құжаттардың мазмұнын және іске қатысты, өзіне түсініксіз басқа да мәселелерді түсіндіруді сұрап өтініш жасауға;

5) сот отырысы кезінде жазбалар жасауға құқылы.

Алқабилердің міндеттері:

1) сот отырысында тәртіп сақтауға және төрағалық етушінің заңды төкімдеріне бағынуға;

2) алқабидің міндеттерін атқару үшін, сондай-ақ, егер сот отырысында үзіліс жарияланған немесе істі тыңдау кейінге қалдырылған жағдайда, сот талқылауын жалғастыру үшін сот көрсеткен уақытта келуге;

3) сотқа келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, төрағалық етушіге келмеудің себептері туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

Алқабилерге қойылатын шектеулерге келер болсақ:

- істі тыңдау кезінде сот отырысының залынан кетуге;
- істі тыңдау кезінде сот құрамына кірмейтін адамдармен төрағалық етушінің рұқсатынсыз іс бойынша сөйлесуге;
- істі қарау барысында мәліметтерді сот отырысынан тыс жинауға;
- жабық сот отырысына қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ кенесу бөлмесінің құпиясын бұзуға құқылы емес [2].

Алқабидің өз міндеттерін атқармауы, сондай-ақ осы бапта көзделген шектеулерді сақтамауы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген

жауаптылыққа, сондай-ақ төрағалық етушінің алқабиді істі қарауға одан әрі қатысадан шеттету мүмкіндігіне әкеп согады.

Сот процесіне төрағалық етуші судья алқабилерге айыптың мазмұнын, айыпкерге тағылып отырған қылмыстық заңының баптарына жеке-жеке тоқталып, қалай дәрежеленетіндігін, қылмыстық белгілерін, жаза түрлерін және де Қылмыстық істер жүргізу кодексінің осыған қатысты барлық баптары мен нормативтік құқықтық қаулыларды және басқа да мән-жайларды жан – жақты түсіндіріп беруі керек. Ал, заңнан хабары аз немесе хабары жоқ алқабилердің, бір айтып, екі қайталап шыққаннан, бұны түсіне қоюы екіталай.

Сонымен қатар сот тергеуінің нәтижесі мен тараптардың жарыссөздері негізінде төрағалық етуші алқабилердің шешуіне жататын үш сұрақты: «1) әрекеттің орын алғаны дәлелденді ме? 2) бұл әрекетті сottалушының жасағаны дәлелденді ме? 3) бұл әрекеттің жасалуына сottалушы кінәлі ме?», – деген және де көптеген басқа қосалқы сұрақтарды әрбір сottалушыға қатысты жеке, жазбаша түрде тұжырымдан, алқабилерге оқып, солардың қарауына береді [3]. Осыншама көп сұрақтарға сауатты жауап қайтару, техникалық жағын айтпағанның өзінде, заңдық білімі жоқ, мәдениеті мен ой өрісі әртүрлі алқабиге мүше адамдар үшін қаншама қындық туғызытындығы айтпаса да түсінікті. Дегенмен де «Алқаби» сөзінің негізгі мән-мағынасы мен ұғымына сәйкес, кенесу бөлмесінде алқабилер ешкімнің қатысуының өздері іс бойынша вердикті айтқаны. Алқабилердің әрқайсысы сот төрелігін атқаратын би болғандықтан, ең болмағанда, қаралып жатқан іске қатысты заң нормаларынан хабары болып, соларды дұрыс түсініп, дұрыс қолдана білсе иғі еді. Алқаби қатарына сайланған әрбір азамат өзінің алдында түрған зор жауапкершілікті нақты ұғынғаны жөн. Себебі, бұл міндет сотқа тартылған адамның тағдырын шешетін, өзінің парасаттылығына, ақылына, ар-ожданына, өмірден жиған-терген мол тәжірибелік көзқарастарына сүйене отырып байыпты төрелігін айтатын өте үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бұл қылмыстық іс қаралып жатырған айыпкердің өзінің ерік білдіруіне байланысты оның ішінде ол өзінің ісін алқабилердің қатысуымен қарауға өтініш білдіруге құқылы [4, 22 б.].

«Алқабилер туралы» заңда олардың жауапкершілігі қарастырылмаған. Мәселен, судья заңсыз үкім қабылдағаны үшін жауапты. Ал алқабилер заңсыз үкім шығарғаны үшін ол жауап бермейді. Алқабилердің сот төрелігін жүзеге асыруға қатысуы қоғамды демократияландырудың маңызды элемент болып табылады және әділеттілікке азаматтарының сенімін жоғарылатылып, сот билігі тармағының тәуелсіздігі нығызыдалылып, азаматтардың әлеуметтік белсенділігі және адам тағдыры қоғамдағы олардың жауапкершілігі жаңа деңгейге көтеруге шақырады. Осындаған негіздерді басшылққа ала отырып ұсынысым ретінде ынадай мәселерді айта кетер едім. Олар алқабилер тізіміне өзгертулер енгізу үміткерлерді іріктеуді жаңашалау, сыйақы төлеуді, жаңарту және заңдастыру, толықтырулар енгізу.

Алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізу институтының енгізілуі мемлекетімізді құқықтық және демократиялық жағынан одан әрі дамытуда жүзеге асырылып жатқан маңызды шаралардың бірі болмақ. Қылмыстық сот ісін алқабилердің қатысуымен жүргізу ең алдымен азаматтардың конституциялық құқықтарын толықтай іске асыруға мүмкіндік туғызады.

### **Әдебиеттер**

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы: Жеті Жарғы, 2014 ж. - 77 бап.
- 2 «Алқабилер туралы » КР Заңы. - Алматы: Жеті Жарғы, 2012. - 13 бап.
- 3 КР Қылмыстық іс жүргізу Кодексі. - Алматы: Жеті Жарғы, 2012. - 25 бап.
- 4 Проблемы уголовно- процессуального права. – Караганда: Юрист, 2004. - 22 б.
- 5 Толеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан (общая часть): Учебник. - Алматы: Баспа, 2007.- 432 с.
- 6 Защита прав потерпевшего в уголовном процессе. Сравнительное исследование / Отв. ред. А.М.Ларин. - М.: Наука, 2005. - 245 с.
- 7 Лупинской П.А. Уголовно-процессуальное право Российской Федерации: Учебник. - М.: Юристъ, 2004. - 591 с.
- 8 Нұрмышев А.Б. Қылмыстық іс жүргізу құқығы . -Алматы, 2008 – 35 б.

**А.А. Сыздыкова,**  
ст.преподаватель, магистр права,  
КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Алматы, Казахстан

### **Актуальные вопросы совершенствования института присяжных заседателей**

В статье определены место и значение в рассмотрении уголовных дел судебных присяжных. Рассмотрены способы подбора претендентов в судебные присяжные, а также расширение их прав и свобод в рассмотрении дел. А также, внесении изменений в списки претендентов, оплата услуг и вознаграждении, рассмотрены обновления, правовая база и проблемные вопросы внесение изменений.

Мы учитываем, что участие судебных присяжных в уголовных делах является конституционным правом граждан и предполагаем их расширение.

**A.A. Syzdykova,**

Senior teacher, Master of Law,

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,  
Almaty, Kazakhstan

### **Recent issues of improvement of the jury**

The article are defined the place and importance in criminal cases the court jury. Consider by the methods of selection of candidates to judicial jury, as well as an extension of their rights and freedoms in the proceedings. And also, introduction change in lists of applicants, payment services and rewards will be updated, the legal framework and problematic issues introduction change are considered.

We consider that participation of judicial jurors in criminal cases is a constitutional right of citizens and we assume their expansion.

**6 БӨЛІМ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ**  
**РАЗДЕЛ 6**  
**ТРУДОВОЕ ПРАВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**УДК 342.734**

**Б.Н. Каленова,**

Құқық магистрі, аға оқытушы, халықаралық құқық кафедрасы,  
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан

**ШЕТЕЛДІК ЖҰМЫС КУШІН ТАРТУДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІН  
ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Осы мақалада шетелдік жұмыс күшін тартудағы әлеуметтік құқықтық реттеу мәселелері жан жақты қарастырылды. Қазақстан Республикасындағы шетелдік жұмыс күшін тартудың әлеуметтік мәселелерін анықтай отырып, оның құқықтық жағынан дұрыстырылып ашып көрсетілді. Шетелдік жұмысшыларға мемлекет тараапынан құқықтық қолдау негіздері айқындалды. Шет ел азаматтарының Қазақстанда жұмыс істеуінің мемлекетіміз үшін бірқатар жақсы және теріс жақтарының өзекті мәселелері қарастырылды. Шетелдік мамандарының көптеп келуінен өз еліміздің азаматтарының жұмыс тапшылығына ұшырауы. Шетелдік жұмыс күшін тарту мәселесі әрқашан да өзекті екендігін, себебі әр облыстың еңбек нарығындағы жағдай шетелдік жұмыс күшіне сұраныстың бар екенин көрсетіп отыр.

*Tipek сөздер:* шетелдік жұмыс күші, арнайы квоталар, ұлттық заңнамалар, халықаралық қатынастар, құқықтық саясат

Қазіргі таңда шет ел мемлекеттерінің азаматтары жақсы жұмыс және ақша табу мақсатымен Қазақстан Республикасына жұмыс істеу үшін көптеп келуде. Қазақстан республикасындағы шетелдік жұмыс күші дегеніміз Республика аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс беруші жалдайтын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар болып табылады. Шет ел азаматтарының ҚР аумағында жүріп тұруына, тұрғылықты жерін таңдауына ұлттық заңнамада және халықаралық шарттарға сәйкес белгіленген тәртіппен рұқсат етіледі. Алайда мемлекеттің қауіпсіздікі қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатымен бұл аяда шектеу белгіленуі мүмкін. "Қазақстан Республикасына жұмысшы күшін жұмылдыру

үшін жұмыс берушіге рұқсат беру және квота анықтау Ережесіне" сәйкес, Республика аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс беруші жалдайтын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар болып табылады. Шетел жұмыскерлерінің көптеп тартылуын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Республикадағы экономиканың тұрақты дамуымен байланыстырады. Осыдан келе тақырып деңгейін ашу үшін Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін келген немесе жұмыс берушілер тартатын көшіп келушілерді шетелдік қызметкерлер екенін заң бойынша негіздей аламыз [1]. Шетелдік жұмыс күшінің анықтамасы арқылы - жұмысқа өз бетінше орналасатын, сондай-ақ корпоративтік ауысу шенберінде уақытша ауыстырылатын, маусымдық шетелдік қызметкерлерді қоса алғанда Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс беруші тартатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар негізін құрайтынын айқындай аламыз. Қазіргі таңда мемлекетіміздің құқықтық саясатын жүзеге асыру мақсатында шетелдіктерді жұмыс күші ретінде тартудың құқықтық жағдайын реттеу тәртібін жүзеге асыру барысында бірқатар нормативтік құқықтық актілер бар, оның бірі әрі бірегейі ата заңымыз Конституциямызды жатқызуға болады. Оның ішінде «Адам және Азамат» бөлімінің 12 бабының 4 тармағында былай делінген: «Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарды өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады.» Сонымен қатар КР-ның 1995 жылғы 19 маусымда қабылданған «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» заңы шетелдіктердің негізгі құқықтары мен міндеттерін, олардың Қазақстан Республикасына келуінің, аумағында болуының, жүріп-тұруының және Қазақстан Республикасынан кетуінің тәртібін айқындайды. Оның ішінде 6-бапқа сілтеме жасасақ онда еңбек қызметі және демалыс туралы айқын айтылған: «Шетелдіктер Қазақстан Республикасының заңдары мен халықаралық шарттары белгілеген негіз бен тәртіpte Қазақстан Республикасында еңбек қызметімен шұғылдана алады». Оған қоса шетелдіктер жекелеген қызмет орындарына тағайындала алмайды немесе еңбек қызметінің белгілі бір түрімен, егер бұл қызмет орындарына тағайындау немесе осындағы қызмет түрімен шұғылдану Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығына байланысты болса, шұғылдана алмайды. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер еңбек қатынастарында Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей құқықтарды пайдаланады және сол сияқты міндеткерлікте болады [2].

Осы заңымызда шетелдіктерге қатысты әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру мәселесіде «Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан шетелдіктер әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру мәселелерін мемлекет деңгейінде шешуіне негіз болатындығын және Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын пайдаланады және

солар сияқты міндеткерлікте болады». Ал егер зейнетақы төлемдері мен жәрдемакы тағайындау үшін белгілі бір еңбек стажы талап етілсе, шетелдіктерге Қазақстан Республикасының зандары мен халықаралық шарттарында белгіленген негіздер мен тәртіпте олардың шетелдегі жұмыс стажын есептеуге болатынын басшылыққа алатын болсақ бұлда еліміздің басқа мемлекеттермен саяси әлеуметтік қарым қатынасты құқықтық деңгейде реттеуге негіз бола алатындығын басшылыққа аламыз. Сонымен қатар шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квота - Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін тартылатын шетелдік жұмыс күшінің санын айқындауды негізге алатын болсақ шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған арнайы квоталарымыздың заң бойынша реттелуінің өзі әлеуметтік мәселелердің шешіліуіне негіз бола отырып еліміздің саяси құқықтық мәселелерінде шешуге жол ашқандай. Дегенмен заңнамаларымызда шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берудің бірнеше қағидаларымен шарттарының айқын қаралуы және Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға рұқсат берудің және ұзартудың шарттары мен тәртібінің тарау ретінде қаралып атқарушы билік тарапынан белгіленген тәртіппен жүзеге асырылуы мемлекеттік мәселелердің саяси құқықтық ахуалы халықты жұмыспен қамту заңына сайкес жүргізілетіндігін негізге ала отырып шешілітіндігін заң саласындаға ғылыми тұрғыда дәлелін тапқандығын осы нормативтік актілерімізден көре аламыз. Атап айтатын болсақ Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» заңына сәйкес, ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында ҚР Үкіметімен шетелдік жұмыс күшін тартуға жыл сайын квота бөлінеді. Шетел жұмысшы күшін тарту, квота бөлу мен анықтау тәртібі ҚР Үкіметі бекіткен Ережеге сәйкес жүзеге асырылады. ҚР Халықты жұмыспен қамту туралы заңының «Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады» [2]. Ал осы заңда: Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қызмет пен қасіп тұрларін еркін таңдауға бірдей мүмкіндіктерді, әділ де қолайлы еңбек жағдайларын, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге негізделгендердің шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу жолымен ішкі еңбек рыногын қорғауға зандарымызда қарастырылатынын сонымен қатар халықты жұмыспен қамту саласында мемлекет тарапының бірнеше кепілдіктер қарастырылған [3]. Қазақстан Республикасының ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған бірнеше женилдіктер қарастырған. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін адамдарды қоспағанда, жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға және шетелдік қызметкерлерге жұмысқа орналасуға рұқсаттар береді, сондай-ақ аталған рұқсаттарды тоқтата тұрады және кері қайтарып алады. Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу қағидаларын және Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс

берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берудің қағидалары мен шарттарын бекіту және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының заңын басшылыққа ала отырып Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін тартылатын шетелдік жұмыс күшінің білім деңгейі (кәсіби даярлығы) мен практикалық жұмыс тәжірибесі (стажы) жұмыстар мен кәсіппердің біліктілік анықтамалығына және қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес жұмысшылардың кәсіпперіне және басшылардың, мамандар мен қызметшілердің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сай келуге тиіс екендігін заңнамаларымыз қарастырғанымен осы талаптарымыздың қазіргі заман талабына сәйкес жүзеге асырылып отырма деген сұрақтар өзекті мәселе ретінде қала беретіндігі айқын. Шетелдік жұмыс күшін тартып істейтін кәсіпорындар міндетті түрде қойылатын ерекше шарттарды орындау қажет. Олар, жана жұмыс орындарын құру, жұмысшыларға кәсіптік оқу жүргізу, шетелдік жұмысшыларды жергілікті жұмысшылармен алмастыру. Алайда Қазақстандағы шетел азаматтарының жұмыс істеуі экономиканың мемлекеттік секторындағы жұмыспен қамту үлесінің қысқаруымен және тиісінше оның мемлекеттік емес секторда - акционерлік қоғамдарда, бірлескен кәсіпорындарда, шағын және орта бизнесте, шаруа (фермерлік) қожалықтарында, жеке кәсіпкерлікте өсуімен сипатталады. Нарыққа көшу, өткенде ғана негізгі жұмыс беруші ретіндегі мемлекет рөлінің тартылуы жалпы жұмыспен қамтудың төмендеуіне объективті түрде себепші болды [4]. Орталықтандырылған жоспарлаудан нарықтық экономикаға көшуді жүзеге асыруши елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғанындей, жұмыссыздық деңгейінің уақытша өсуі өтпелі кезенде болмай қоймайтын құбылыс болып қалуда. Тұтастай алғанда жұмыспен қамту экономиканың барлық саласында, әсіресе өнеркәсіpte, құрылышта және ауыл шаруашылығында төмендеді. Ал шет ел азаматтары осында жұмыстарға өте көптер тартылады. Дегенмен ұжымдар, кәсіпорындар шетелдік жұмыс күшін, еңбек иммигранттарының жұмысын табыс көзі ретінде пайдалана алмайды. Сол себептен тіпті ауылды жерлерде де еліміздің азаматтарына құрылышы мәртебесіне тұру да қындалап кетті. Себебі, шетелдіктер құрылыш жасағандары үшін өте аз көлемде ақы алады. Олардың мемлекеттерінде осындағы көлемдегі ақшаға жақсы өмір сүре алғандықтан, олар бұл ақыға қуана келісіп, жұмыс тиянақты орынданап береді. Ал біздің азаматтарымыз үшін бұл ақы өте аз. Мұндай қаражатқа елімізде өмір сұру өте киян, әрі мүмкін емес деп айтуга да болады. Ал үлken кәсіпорындар мен шағын бизнес орталықтарында көбінесе шетел мамандарын үлken ақы төлеп, жұмысқа шақырып жатады. Қазақстанның еңбек заңнамасының ерекшелігі ішкі еңбек нарығын қорғау және Мемлекетке жоғары білікті мамандарды шақыру болып табылады [5].

Шет ел азаматтарының Қазақстанда жұмыс істеуінің мемлекеттіміз үшін бірқатар жақсы және теріс жақтары да бар. Жақсы жақтарын айта кететін болсақ:

1. Шет ел мемлекеттерінің алдыңғы қатарлы мамандарының жұмыс істеуі;
  2. Инновацияны дамытуға үлес қосуы;
  3. Мемлекетіміздің басқа мемлекеттермен жақсы қарым-қатынас орнатуы;
  4. Республика азаматтарының шет ел мамандарынан тәжіреbie, үлгі алуы.
- Сонымен бірге бірқатар теріс жақтары да байқалуда. Мысалға:
1. Шет ел мемлекеттерінің көптеген азаматтарының мемлекетімізде заңсыз жұмыс атқару, соған орай салық төлемеуі.
  2. Көптеген құқық бұзушылықтар осы шет ел азаматтарының іс-әрекеттерінен де туындал жатады.

Шет ел мамандарының көптеп келуінен өз еліміздің азаматтарының жұмыс тапшылығына ұшырауы. менің ойымша шетелдік жұмыс күшін тарту мәселесі әрқашан да өзекті болмақ, себебі әр облыстың еңбек нарығындағы жағдай шетелдік жұмыс күшіне сұраныстың бар екенін көрсетіп отыр. Осыған орай елімізде білікті мамандарымыздыңда бағаланбай қалу себептері көптеп кездесуде. Жоғарғы білімі бар жас мамандарымызда жұмыссыздар санын көбейтуде. Бұл, ең алдымен ішкі еңбек нарығында ұсыныстың жоқтығымен және экономиканың қарқынды дамуымен байланысты. Соңғы есеп бойынша шетелдік жұмыскерлерге берілетін квота 2014 жылы республиканың экономикалық белсенді бөлігінің 0,7 пайызы деңгейінде бекітіліп, 2013 жылмен салыстырғанда 45 мыңға азайып, 108 мыңды құрады. Квотаның азаю себебіне жұмыс күшінің өз елімізден алдыру мәселесі, яғни керекті мамандардың Қазақстанда дайындалу сапасының жоғарылауы және бөлінген квотаның толықтай игерілмеуі әсер етіп отыр. ҚР Президенті Н.Ә Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қантарындағы «Қазақстан-2050» жолдауында көрсетілгендей: «Біз экономикамызға шетелдік инвестициялар, технологиялар мен инновацияларды кеңінен тартатын боламыз. Инвесторлар үшін жұмысқа қолайлар жағдайлар жасаймыз. Біз дамыған 30 елдің тобына кірудің осы маңызды тетігі арқылы экономикамыздың өнірлік, жаһандық экономикалық жүйемен терең ықпалдасуын айқын көріп отырмыз. Бұл, ең алдымен, Еуразиялық экономикалық одақ қалыптастыруға қатысуымызға, Дүниежүзілік сауда үйіміна кіруімізге байланысты» [6]. Дей келе жолдау арқылы еліміздің инвесторларымызғы корсетілетін мемлекет тарапынан қолдауы әліде шындала түсетеңдігінің айқын дәлелі ретінде көре аламыз. Бұл дегеніміз еліміздің экономикалық тұрғыда дамуына көптеп септігін тигізіп жолдау негізінде шындала отырып құқықтық реттеуге әсерін тигізетін негізгі бастау болып табылады. Дегенмен инвесторларымыз жұмыс бастауын өз еліміздің жұмыс күшін көптеп тартуға қолайлар жағдайлар туғызатын болса керекті мамандарымыз өз саласын оңтайлы шешүге жол ашар еді. Ресей мемлекетінің президенті В.В. Путин өзінің пример министр болған тұсында 2012 жылдың 2 наурызында Ресей Федералдық миграциялық қызметтің алқа отырысында мәлімдегендей: « жұмыс орындарын алдымен жергілікті халық иемденуі керек, ал шетелдік жұмыс күші жергілікті азаматтарды тарта алмаған жағдайда ғана жұмысқа алынуы тиіс. Екінші жағынан, ресейліктер этникалық топтардың бір жерге шоғырлануына жол беруге болмайтындығын

ескеріп отыр. Сондай-ақ, гастарбайтерлердің тіркелуін де қатты қадағалау қажет» деп көрсеткен [6]. Бұл ойдында жағымды тұстарын көре аламыз. Дегенмен елімізде еңбек миграциясының жұмыс күшін толықтыруши арна болып табылатындығы күмәнсіз. Бүгінде бірлескен қасіпорындар мен шетел фирмаларына рұқсаттама беру кезінде олардың алдына қазақстандық мамандарды даярлау және біртіндеп шетелдіктердің орнын олармен алмастыру, Қазақстан азаматтары үшін жаңа жұмыс орнын ашуға жағдай жасау, қазақстандық маманды әзірлеу, қайта даярлау және біліктілігін көтеру міндеті қойылған. Бұл міндет ретінде қарастырылған мәселе өзекті болып қала бермек. Қазіргі кезеңде жұмыссыздардың басым бөлігі жоғарғы білімі мен белгілі мамандығы жоқ қарапайым жұмысшылар мемлекетіміздің жұмысшылар санын толықтырып отырғаны белгілі. Солай бола тұра көршілес елдерден келген жұмыс күші қара жұмысқа жегіледі. Себебі жұмыс беруші тарапынан берілген жалақы мөлшерінің аздығына қарамастан қанағат тұтуы. Бұл дегеніміз арине еліміздің экономикасына кері әсерін тигізіп қана қоймай еліміздегі белгілі мамандығы жоқ жұмыс күшінің жұмыссыздар санын толтыруына септігін тигізуде. Арине бұлда еліміздің жұмыс күшіне байланысты туғызылған өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан, жұмыс күшін тартудағы проблемаларды шешу жолы ретінде, біз жастардың техникалық мамандықтарды өзге елде шығындалмай-ақ, өз елімізде терең әрі сапалы менгеруін қамтамасыз ету қажетпіз, сонда ғана жоғарыда айтылған өзекті мәселелердің алдын ала аламыз.

### Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2011 жылғы 2 ақпандағы берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). - Алматы: Юрист, 2012.

2 ҚР Еңбек кодексі. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы N 251 Кодексі (2013 жылғы 10 желтоқсанындағы берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). - Алматы: Жеті жарғы, 2012.

3 ҚР Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» заңы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2337 Заңы. - Алматы: Жеті жарғы, 2012.

4 ҚР Халықты жұмыспен қамту туралы заңы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы N 149 Заңы. - Алматы: Жеті жарғы, 2012.

5 Қазақстан Республикасының Президентінің халыққа жолдауы. «Қазақстан-2050» Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ - [электронды ресурс] – Kipу режимі – URL: [http://www.akorda.kz/kz/category/poslaniya\\_narody](http://www.akorda.kz/kz/category/poslaniya_narody) - (28.11.2014 кіру уақыты).

6 Орыстар ой салып отыр - [электронды ресурс] – Kipу режимі – URL: [http://mvd.gov.kz/portal/page/portal/mvd\\_page/mvd\\_news\\_sm/i/mvd\\_smi/mvd\\_smi2012](http://mvd.gov.kz/portal/page/portal/mvd_page/mvd_news_sm/i/mvd_smi/mvd_smi2012) - (28.11.2014 кіру уақыты).

**Б.Н. Каленова,**

ст.преподаватель, магистр права, кафедра Международного права,  
КазУМОиМЯ им. Абылай хана

### **Социальные вопросы в правовом регулировании при привлечении иностранный рабочей силы**

В этой статье всесторонне рассмотрены социальные вопросы в правовом регулировании при привлечении иностранный рабочей силы. Определив вопросы привлечения иностранный рабочей силы в РК по социальным проблемам, были рассмотрены их соответствие праву. Выяснены правовые основы государственной поддержки для иностранных рабочих. Выяснены положительные и отрицательные моменты для государства, при привлечении иностранный рабочей силы. Из-за прибытия иностранный рабочей силы граждане нашей страны подвергается проблеме нехватки работы и рабочих мест. Проблема привлечения иностранный рабочей силы всегда была актуальной, потому что, данная ситуация показывает наличие спроса иностранный рабочей силы в каждой области рабочего рынка.

**B. Kalenova,**

senior teacher, Master of Law, Kazakh Ablai khan university of international  
relations and world languages, Almaty city

### **Social issues in the legal regulation when attracting foreign labor**

This article is about social issues in the legal regulation when attracting foreign labor in our country. Defining the foreign labor force on social problems in the Kazakhstan. Find out the basics of state support for foreign workers. Find out positive and negative aspects for Kazakhstan when attracting foreign labor in our country. From arrival of foreign labour force citizens of our country exposed to the problem of shortage of work and workplaces. From arrival of foreign labour force citizens of our country exposed to the problem of shortage of work and workplaces.

**ТРЕБОВАНИЯ  
к статьям, представляемым в «Хабаршысы-Известия»  
КазУМОиМЯ имени Абылай хана**

Представленные для опубликования материалы должны соответствовать следующим требованиям:

1. Содержать результаты научных исследований по актуальным проблемам в области лингвистических, филологических и педагогических наук, переводческому делу, межкультурной коммуникации, востоковедения, международных отношений, международного права и экономических отношений, регионоведения, менеджмента и международных коммуникаций, маркетинга, туризма.

2. Домinantная идея публикаций: следование принципам научности, инновационности, целостности и системности.

3. Статья предоставляется в бумажной и электронной форме. Шрифт Times New Roman, кегль - 14, интервал - 1,5, поля: верхнее, нижнее, левое, правое - 2 см.

Абзац (отступ) - 1 см.

4. Принимаются статьи от 5 до 16 страниц (1 п.л.), включая таблицы, рисунки.

Структура статьи:

1. В левом верхнем углу - шифр УДК

2. Автор

(по центру, фамилия полностью, имя, отчество - инициалы, с указанием должности, ученой степени, места работы / жирным шрифтом)

3. Название - по центру (жирным шрифтом).

4. Аннотация на языке статьи (без написания самого слова «аннотация», 70-80 слов, 10-12 строк), на каз., рус. яз. и англ.яз. (без ключевых слов) – в конце статьи.

5. Ключевые слова (8-10 слов).

6. Текст статьи

7. Ссылки на использованную литературу (**список литературы, references**). **Обратите внимание: после слов (список литературы, references) двоеточие не ставится.** Ссылки на использованную литературу даются цифрами в прямых скобках по мере упоминания [1, с. 15]. Постстраничные сноски не допускаются.

8. Список литературы (не менее 5 наименований), в котором указывается литература за последние 5-7 лет (**обратите внимание: после цифры точка не ставится**):

1 Кунанбаева С.С. Реализация культурного проекта «Триединство языков в Республике Казахстан // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Сер. «Филология». - 2012. - № 1.- С. 3-9.

2 Усубалиева С.Ж. Экологический менеджмент: уч.пособие. – Алматы: Экономика, 2011. - 128 с.

3 Urbain C. Bissot H. Cuisines en partage. Le plov dans tous ses etats. Constitution d'une diaspora autour d'un plat d'Asie centrale // Diasporas. - 005. - N 7: [электронный ресурс] - Режим доступа - URL: <http://w3.framespa.univ-tlse2.fr/revue/article.php?id=335> (дата обращения 31.07.2012).

Таблицы, схемы, графики и т.д. создаются средствами Microsoft Word, нумеруются, имеют название, которое печатается без отступа строки.

Например,

#### **Таблица 1 - Систематизация текстов о хронологии**

Таблица вставляется в текст сразу после ссылки на нее.

Графики и диаграммы создаются средствами Microsoft Excel, снабжаются заголовками, соответствующими подрисуночными подписями, расположенное по центру, и вставляются в текст сразу после ссылки на них.

Например,

#### **Рис. 1 - Портрет Бальзака**

Фотографии (изображения), иллюстрации представляются в формате JPEG (jpg), разрешение не менее 300 пикселей, и предоставляются отдельными файлами. К каждому изображению обязателен заголовок (сопроводительный текст, аннотация).

Формат 60x84/16, средний объем - 12 п.л. = около 200 стр. формат А 4.

Уважаемые коллеги! Вы можете присыпать статьи на электронную почту факультета международных отношений fmo@ablaikhan.kz. Обязательно сделать пометку «Известия КазУМОиМЯ».

Публикации для авторов - 3000 тенге.

1. Серия «Филологические науки».
2. Серия «Лингвистика и межкультурная коммуникация».
3. Серия «Востоковедение».
4. Серия «Педагогические науки».
5. Серия «Международные отношения»

#### **Пример**

**УДК 39; 572.9**

**Н. Б. Ем, д.и.н.,**

Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан (e-mail: natalya.yem@ablaikhan.kz)

**Основные тенденции трансграничного брачного рынка в Южной Корее в 2000-е годы: факторы спроса и предложения для женщин Центральной Азии (на основе статистических данных)**

В статье отмечено, что в историческиmonoэтнической среде южнокорейского общества численность межнациональных браков растет ежегодно. Показано, что этническая структура женихов и невест значительно

расширились; заметное место в ней занимают женщины из постсоветских стран Центральной Азии. Автором сделана попытка раскрыть основные тенденции межэтнической брачности, показать уровень эндогамности внутриэтнических брачных предпочтений, определить факторы спроса и предложения на брачном рынке страны и место в нем женщин Центральной Азии на примере Узбекистана и Казахстана.

*Ключевые слова:* межэтнический брак, мультикультурная семья, политика Дамунхва, Южная Корея, Узбекистан, Казахстан

Текст статьи

### Список литературы

**Н.Б. Ем**

Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ,  
Алматы, Қазақстан

### **2000 жылғы Оңтүстік Кореядағы трансшекаралық некелесудегі негізгі ағымдар: Орталық Азия әйелдері үшін сұраныс пен ұсыныс факторлары (санак деректерінің негізінде)**

Оңтүстік Корея қоғамының тарихи моноэтникалық ортасында ұлтаралық некелесудің саны күннен күнге өсіп келеді, күйеу бала мен калындықтардың этникалық құрылымы неғұрлым кеңейген. Олардың арасында бұрынғы Кеңес үкіметінен, яғни, Орталық Азия әйелдері кернекті орында шоғырланған. Мақалада этносаралық некелесудің негізгі ағымдарын ашып көрсетуге, яғни этникалық эндогамдық некелесудің деңгейін, ел ішіндегі некелесудегі сұраныс пен ұсыныс факторларын және ондағы Орталық Азия, мысалы өзбекстандық пен қазақстандық, әйелдердің орнын анықтауға әрекеттер жасалған.

**N.B. Yem**

Abylai khan KAUIR&WL,  
Almaty, Kazakhstan

### **Trends of inter-ethnic marriage market in South Korea in the 2000's: supply and demand factors for women in Central Asia (statistics)**

In mono-ethnic environment, South Korean society inter-ethnic marriages are growing in the last decade. The ethnic diversity of the brides and grooms is extended. Among them are popping up, women from Central Asia, the former Soviet Union. This article reveals the main trends of inter etc.

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ  
ХАБАРШЫСЫ  
«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ АЙМАҚТАНУ»  
Сериясы  
№ 4 (18) 2014  
Серия  
«МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ И РЕГИОНОВЕДЕНИЕ»

Ответственный за выпуск тиража начальник ИПЦ

**Есенгалиев Б.А.**

Компьютерное оформление и верстка

**Кынырбеков Б.С.**

Подписано в печать 24.12.2014 г. Формат 70Х90 1/16  
Бумага офсетная. Печать RISO. Объем 10,2 п.л. Усл.-печ. 14,6.

Заказ № 759. Тираж 500 экз.

Издательско-полиграфический центр  
Казахского университета международных отношений  
и мировых языков имени Абылай хана